

АСТАНА ҚАЛАСЫ

ӘКІМДІГІ

№ 9 «НҰРШАШУ» балабақшасы МКҚК

АКІМАТ

ГОРОДА АСТАНА

ГККП ясли-сад №9 «НҰРШАШУ»

Бұйрық № 143

«10» 10 2023 жыл

**«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»
жұмысын ұйымдастыру,
қызметін жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын, облыстық не қалалық білім басқармасының _____ бұйрығын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылында балабақшада «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (әрі қарай Орталық) жұмысы ұйымдастырылсын.

2. Төмендегі функционалды міндеттермен қоса балабақшаның ішкі тәртібі бекітілсін:

2.1 Орталық қызметіне басшылық жасау және бақылау меңгерушіге жүктелсін;

2.2 Әдіскер:

- ата-аналар, білім алушылар мен педагогтердің мониторингке қатысуын қамтамасыз ету;
- Орталық аясында өтетін сабақтардың кестесін жасап, бекіту.
- Орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу жүктелсін.

2.2 Меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Шарипова Г.К:

- Орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен балабақшаға бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету жүктелсін;

2.3 Балабақша психологы И.А.Козырьға: педагогтер ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету жүктелсін.

3 Орталық жұмысы балабақшаның тәрбие жоспарына «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі негізінде балабақша мен отбасының өзара әрекеттесуі» жаңа бағыты енгізілсін.

4 Орталық қызметін балабақшалық бақылауға алу, балабақшалық бақылау жоспарының бөліміне, тармағына өзгерістер енгізу балабақша әдіскері Тулеубаева Ж.М. жүктелсін.

6. Педагогтерге ата-аналарға арналған сабақ бағдарламасының вариативті компонентінің әзірлемесін құрастыруға әдістемелік қолдау көрсету әдіскер Тулеубаева Ж.М. жүктелсін.

7. Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналар жиналыстарында Орталық жұмысының тәжірибесімен таныстыру топтың тәрбиешілеріне, Орталықтың жұмыс тобына жүктелсін.

8. Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, балабақша сайтында жариялансын, бірлескен табысты тәжірибе таратылып, Орталық қызметіне балабақшаның өзін-өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылсын.

9. Балабақша әкімшілігі мен педагогикалық ұжым ата-аналардың облыстық, республикалық форумында тәжірибе таратуға және Орталық қызметінің нәтижелігін арттыру бойынша жұмыстарға белсене қатыссын.

10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Меңгеруші



Т.Гусманова